

ЗАМАНАУИ МЕНЕДЖМЕНТ – МЕКТЕПТІ ТАБЫСҚА ЖЕТКІЗЕТІН НЕГІЗ

Жаңа заман талабына сай бүгінгі мектепті тек оқу-тәрбие ошағы ғана емес, адамды қалыптастырушы шеберхана деуге болады.

Жазу, сызу, санау, есептеу, жаттау сияқты қажеттіліктерді қанағаттандыратын әрекеттерді үйретумен қатар, мектеп мемлекет пен қоғамды сапалы адам ресурсымен қамтамасыз ететін интеллектуалды орта.

Білім мазмұнының жаңаруы жаһандық құбылыстардың әсерінен туындаған қажеттілік болды. Ашық және жедел ақпаратқа толы технологиялық үдеріс шапшаң ойлау арқылы жылдам шешім қабылдайтын, бірнеше әдіс бойынша нақты тұжырымының дұрыстығын негіздейтін, түпкі ойын дәлелді түрде жеткізе алатын, мәліметтерді сараптауды, салыстыруды, таңдауды меңгерген, академиялық білімді өмірлік жағдаятта қолдана алатын адам қалыптастыру міндетін орындау үшін мазмұн жаңарды. Мазмұнға сай амалдар мен тәсілдер де белсенді, зерттеушілік, коммуникативтілік сипат алды. Оқыту мен оқу әрекетінде оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым деген негізгі төрт дағдыны кешенді түрде қалыптастыру талабы енгізілді. Мектеп оқушысында осы мүмкіндіктердің болуы оның функционалдық құзыреттіліктерін қамтамасыз етеді. Яғни, әрбір шәкірт өз-өзіне қызмет жасайды және жеке өмірін реттей алады. Жаңартылған білім мазмұнының тағы бір ерекшелігі тәрбиелік компонент білімнің мазмұнына кіріктірілген. Демек оқу мен тәрбие біртұтас ұғым ретінде қарастырылады. Білім алушы оқу барысында зерттейді, шығармашылық тұрғыда дамиды, жаңа идеяны жобалайды, іске асырады және игерген білімін бағалайды. Оқушыға бұл жолда қолдаушы орта бар, олар – сыныптастары, мұғалімдер, ересектер, ақпараттық және техникалық ресурстар.

Ұл-қыздарымыз бастауыш сыныптан бастап коллаборативті ортада әрекет етеді, креативті ойлайды, сыни көзқарас білдіреді, коммуникацияға түседі. Іскер, білікті, сауатты адамға қажетті негізгі дағдылар бекемделеді. Меніңше, бүгінгі білім ұясының бітімі мен болмысы дәл осындай болуы қажет. Мұндай мектепті білікті мұғалімдер мен заманауи іскер басшы жасайды.

Заманауи мектеп басшысы – стратег, аналитик, психолог, педагог, салқынқанды оратор, мотиватор. Білім саласындағы менеджерлер үшін IQ мен EQ өте маңызды. Оларда кәсіпкерлік дағдылар да болуы тиіс. Оқушыға қандай қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру керек болса, соның барлығы мектеп директоры үшін де маңызды. Жақсы менеджер атқарған қызметінің мансаптық баспалдақтармен жылдам өсуіне емес, ұйымшыл ұжымның дамуы мен педагогтар арқылы әрбір шәкірттің биік белестерді бағындыруына бағыттайтын ерекшелігімен танылуы тиіс.

Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейдің ашылғанына биыл алты жыл толды. Менің директорлық тәжірибеме де осынша уақыт. Мен өзімді және осы білім шаңырағын әріптестеріммен бірге дамытып келе жатырмын деуге болатын шығар. Корпоративті мәдениет дейміз бе,




ұжымдық мүдде дейміз бе, ортақ мақсат дейміз бе.... Өзім осы жақсы жағдайды тұтас ұжымыммен бірге сеземін және соған қуанамын. Парасатты педагогтардың бір ұстанымға біріге алуы, жаңа міндеттерді шешудегі сенімді серіктесуі, өзара жанашырлығы мені ілгері жетелейді. 2016 жылдан бері біздің мектепке ІВ НЗМ менторлық көрсетті. Үш жыл бойы біз «НЗМ менеджментін енгізу» жобасы бойынша республикадағы жетекші мектептердің бірі болдық. Іскерлік байланыс пен кластерлік жұмыс біздің кәсіби дамуымызға көп септігін тигізді. Кембридж университетінің қолдауымен 2019 жылдан бастап зерттеу арқылы серпінді ілгерілеуге бағытталған үш жылдық жобаны іске асырудамыз. Бұл жобаға астаналық бес мектеп (№37, 58, 59, 67, 76) қатысуда және елордадағы Білім беруді жаңғырту орталығы модераторлық жасайды. Сонымен қатар, 2019 жылдың қаңтар айынан бастап «Эмоционалды интеллектуалды орта – үйлесімді даму негізі» атты жобаны енгіздік. Бұл жобаға қала мектептерінен де, республиканың басқа аймақтарынан да қызығушылық жоғары болып отыр. Аталған жобаның оқыту мен оқуда ыңғайлы қарым-қатынас қалыптастыру, мотивация тудыру, қолдау жасау функцияларын реттеуге көп пайдасы бар. Нұр-Сұлтан қаласының креативті мектептер лигасына мүше ретінде мұғалімдеріміз

үшін тиімді қолдау кеңістігі қалыптасып келеді. Ұжымның жаңашылдығына, бірлігіне, біліктілігіне кәміл сенемін. Оларға жеткізетін жаңалықты үнемі іздеп жүремін, заманауи зерттеулер мен тәжірибелерді оқимын. Педагогтармен әр кездесуде жаңа нәрсе айтуға тырысамын. Олардың әлеуеті әрине жоғары. Сондықтан сұрағандарына жауап беріп, іздегендерін тауып беру – парызым. Бір жобаның шеңберінде ұзақ отырып қалмай, бес жылда халықаралық зерттеу жұмысына лайық саналуымыз ұжымның дамуына берілген жоғары баға деп білемін.

Мектеп менеджментінде оқушылар мен ата-аналарға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Мектепті басқаруда ішкі аудитпен қатар сыртқы ортаның пікірі, қызметімізді тұтыншылармен кері байланыстың мәні мен маңызы ерекше. Мен шешім қабылдауға қажетті ақпаратты тек статистикалық деректерден ғана емес, оқушылармен, ата-аналармен сұхбаттасу барысындағы оралымды ойлардан да аламын. «Апта оқушысы» атты жобамыз шәкірттермен әңгімелесуге бағытталған.

Мақсатымыз – барлық оқушының директормен түрлі тақырыпта ашық сөйлесуіне жағдай жасау.

Мен үшін әрбір шәкірттің көзқарасы – құнды ақпарат көзі. Жас буын өкілдерінің идеялары керемет, олар біз байқамай жүрген кемшіліктерді көреді және оңтайлы шешудің алуан нұсқаларын ашық айтады. Осыған орай оқушылардың өзін-өзі басқаруына мүмкіндік берудеміз. 2020 жылдың тағы бір жаңалығы – оқушылар парламентін жасақтадық. Өрендердің бастамасымен «76TOLQYNY» мектеп радиосы ашылып, «Тіл сақшысы» жобасы енгізілді және «Оқушы-тьютор» қызметі қосылған. «Anti X» жобасы шеңберінде көптеген азаматтық жобалар жасалды. Ата-аналар үшін де әрдайым ашықпыз. Жылына екі рет дәстүрлі түрде пән мұғалімі мен ата-ананың бетпе-бет жеке кездесуіне арналған арнайы конференция ұйымдастырылады. Баласының әрекетін, басқалармен топтаса еңбектенуін бақылау үшін жылына екі рет онкүндік ашық есік күндері жоспарланады. Тоқсан сайын бір апталық «Ата-ана сағаттары» бар. Ата-аналар өздерінің қалауымен сыныпта тәрбие сағатын өткізеді. Үш жылдан бері тұрақты үрдіске айналған бұл басқосуға қатысатын ересектердің белсенділігі өте жоғары. Түрлі отбасылық



жобаларымыздың жетістігі жетерлік. Осы шаралардың барлығы ата-аналарды мектеп ісіне қатыстыру, бірлесе тәрбиелеу бағытындағы тағылымды тәжірибемізді құрайды.

Бір белестен кейін бір белесті бағындыруға, мектептегі басты объект – оқушыларға көрсетілетін қызмет сапасын жаңа деңгейге шығаруға ұмтыла берген дұрыс.

Мектептің табыстылығын әр оқушыға жасалған жайлы жағдаймен, жеке даму көрсеткішімен өлшеу керек шығар деп ойлаймын және атқарылатын қызметтер осы бағыттардан ауытқымағаны жөн. Мектептегі оқыту сапасын арттыру үшін іс-әрекетті зерттеу (Actoin research), сабақты зерттеу (Lesson study), өзара тәлімгерлік іске асырылуда. Бұл әдістемелік жобалар арқылы мұғалімдер бірлесе зерттейді, ортақ бақылайды, қауымдаса түзетеді, яғни нақты мақсатқа бірге ұмтылады. Әлихан Бөкейхан мұражайы да, «Тағылым» аталатын тарихи тұлғалардың есімін алған пәндік кабинеттер де оқушыларды дамытуға қажетті ғылыми-танымдық орталықтар болып отыр. STEM, интеллектум, робот техникасы, Zspace, Bilimland сияқты заманауи оқу кабинеттері жабдықталған. Физикалық-математикалық, химиялық-биологиялық, географиялық-экономикалық, лингвистикалық, IT, әлеуметтік-географиялық бағытта білім алатындар көптеген қосымша курстарға қатысады. Барлық 3-4 сыныптарға «Домбыра – дастан» және тоқызқұмалақ факультативті сабақтары енгізілді. 2017 жылдан бастап «Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін апробациялау» бойынша пилоттық мектеп

ретінде біршама жұмыстар жүргізілді. 2020-2021 оқу жылында «Көркем еңбек» пәнін оқытуда оқушыларды гендерлік ерекшеліктерге қарай топтастыруды болдырмау» эксперименттік бағдарламасын іске асырып жатырмыз.

Мұғалімдердің және басқарушы құрамның әлеуетіне деген сенімнің көрінісі шығар, 2020 жылдың қаңтар айынан бастап мектептің басқарушылық-ұйымдастырушылық формасы «Коммуналдық мемлекеттік мекемеден» жаңа бағыттағы «шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын» үлгісіне ауысты.

Осы жаңашылдық негізгі жұмысқа, білім беру ісіне сыни көзқараспен басқа бір қырынан қарауға ынталандырады. Осыған орай құрылымдық және кадрлық өзгерістер жасалды.

Бұл заман талабы ұсынған жаңа мүмкіндік. Жоғары талап пен жауапкершілік жүгі ілгері дамудың келесі баспалдағына жетелейді.

Сапура ТУЛЕКОВА,
Нұр-Сұлтан қаласындағы
Әлихан Бөкейхан атындағы
№ 76 мектеп-лицейдің директоры

АННОТАЦИЯ

В статье рассказывается о большой работе и масштабных мероприятиях, проводимых в школе-лицее № 76 имени Алихана Бөкейхана с целью дать ученикам знания, создать для них все необходимые условия.